



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 7/7  
20 ТАМЫЗ



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarşysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

## Жаңалықтар

### Қасым-Жомарт Тоқаев «Шеврон» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Майкл Уиртті қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар баяндалды. Атап айтқанда биылғы 7 айда 1400-ден астам сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркеліп, жемқорлық фактісімен 900-ге жуық тұлға әшкереленді. Кездесуде «Шеврон» компаниясының Қазақстанмен алдағы уақыттағы өзара іс-әрекетінің негізгі аспектілері және бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы мен Майкл Уирт әлемдік энергетика нарығын-

дағы жағдай туралы пікір алмасты. Президент «Теңізшевройл» компаниясының қосымша 2,6 миллиард текше метр газды ішкі нарыққа бағыттау туралы шешімін құптады. Сондай-ақ «Шеврон» компаниясының мұнай-химия саласындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу перспективалары мен Қарашығанақ кен орнының өндіріс қуатын одан әрі кеңейтудің жоспары қарастырылды.

akorda.kz

### Қарағанды облысында COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдай

Қазақстанда өткен тәулікте коронавирусу ауруының 951 жаңа жағдайы тіркелді. Қарағанды облысында жаңа ауырғандар – 118, облыс «жасыл» аймақта орналасқан. Пандемия басталғаннан бері 2022 жылғы 19 тамыздағы жағдай бойынша COVID-19 расталған 159 530 жағдай тіркелді. Ағымдағы жылдың 19 тамызында Қарағанды өңірінде бірінші компонентпен вакцинациямен қамту 71,3%-ды құрайды, яғни 728 023 адам егілді, бұл жалпы халық санының 60,1%-ын құрайды. Вакцинациялауға жататын контингенттің жалпы санының екінші компонентімен 66,6% немесе 680 423 адам егілді, бұл жалпы халық санының 56,1%-ы. 2021 жылғы 22 қарашадан бастап тек 276 927 адам ревакцинация алды – бұл оған жататын халықтың 58,3%-ы. 2022 жылғы 25 мамырдан бастап өңірде қайта ревакцинация басталды. Ағымдағы жылдың 19 тамыздағы мәліметтер бойынша 33 973 адам егілді, бұл қамтылуы тиіс тұрғындардың 68,9%. Инфекциядан қорғандың бірден бір жолы COVID-19 вирусына қарсы вакцинацияның толық курсына алу және ревакцинация екенін естен шығармаңыздар!

### Эпидемиологиялық жағдай по COVID-19 в Карагандинской области на сегодня

В Казахстане за прошедшие сутки зарегистрировано 951 новых случаев заболевания коронавирусом. В Карагандинской области новых заболевших – 118, область находится в «зеленой» зоне. С начала же пандемии по состоянию на 19 августа 2022 года зафиксировано 159 530 подтвержденных случаев COVID-19. На 19 августа текущего года Карагандинском регионе охват вакцинацией первым компонентом составляет 71,3% - то есть, привито 728 023 человек, это 60,1% от общего числа населения. Вторым компонентом от общего количества подлежащего вакцинации контингента привито 66,6% или 680 423 человек, это 56,1% от общего числа населения. С 22 ноября 2021 года ревакцинацию получили всего 276 927 человек – это 58,3% от подлежащего ей населения. С 25 мая 2022 года в регионе началась повторная ревакцинация. По данным на 19 августа текущего года привито 33 973 человек, это 68,9% от подлежащего населения. Помните, единственным действенным способом защиты от инфекции является завершённый курс вакцинации и ревакцинация против COVID-19.

## Қала жаңалықтары

### "Тіл қазына" жобасы



2022 жылдың 18 тамызында Приозерск қаласында «Тіл - қазына» жобасы аясында облыстық көшпелі семинар-тренинг өтті. Аталмыш ісшараға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті филиалы мүшелері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер, педагогтар, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, этномәдени бірлестік өкілдері, белсенді жастар мен өзге ұлт өкілдері, тіл жанашырларынан құралған 200-ге жуық адам қатысты. Көшпелі семинар-тренингтің шымылдығын жоба модераторы, Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі - Жұпар Рысқұлқызы Жақанова ашты.

Әрі қарай сөз кезегі «Тіл - ұлттың жаны» тақырыбындағы баяндамасын оқу үшін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті, ҚР білім беру үздігі Жаңбырбай Ахметұлы Қағазбаевқа берілді. Спикердің сөз саптауы мен ұтымды ойларынан ерекше әсер алған тыңдаушылар ыстық ықыластарын білдіріп, зор қошеметке бөледі. Келесі сөз тізгінін «Тіл туралы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар» тақырыбындағы баяндамасымен тіл жанашыры, қоғам белсендісі, «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы жұмыс тобының мүшесі - Орынбаева Эльмира Сайлауқызы өз қолына алды.

Баяндамашылар легін «Қазақ тіліндегі платформалар мен ІТ жобалар» тақырыбындағы баяндамасымен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы Мөлдір Бақытқызы аяқтады. Семинар - тренинг тыңдаушылар мен спикерлер арасындағы сұрақ жауапқа ұласып, тіл саясаты аясындағы түрлі мәселелер талқыға түсті, тың идеялар ұсынылды. Айтулы шарадан айрықша әсер алған жиналған қауым қазақ тілінің мәртебесін арттыруға септігін тигізетін осындай жобаларды әрдайым қолдайтындықтарын айттып, жылы лебіздерін білдірді.



Приозерск қаласы  
Ішкі саясат бөлімі

## Новости

## Принять все меры для безопасности наших детей — Алихан Смаилов дал поручения к новому учебному году



Министр просвещения Асхат Аймагамбетов доложил, что в новом учебном году, который начнется с 1 сентября и продлится 36 недель до 31 мая, будет введен ряд новшеств.

Так, по результатам специальных исследований было установлено, что первокласснику сложно изучать сразу три языка. В связи с этим в школах с государственным языком обучения решено вести уроки только на казахском языке, а в русскоязычных школах – преподавать казахский и русский языки. В школах с государственным языком обучения русский язык решено вводить со второго класса, а английский язык – во всех школах с третьего класса.

Кроме того, в школах вводятся институт ротации руководителей и новые принципы найма учителей, в том числе посредством Национального квалификационного тестирования, а родительские собрания будут проходить в современном и эффективном формате.

В текущем году госзаказ на обучение в колледжах по востребованным специальностям был увеличен до 70%, до 50% расширена квота приема детей из отдельных категорий. Колледжами совместно с работодателями обновлено свыше 4 тыс. образовательных программ.

По данным министра науки и высшего образования Саясата Нурбека, в стране функционируют 120 вузов, в 104 из которых проведены ремонтные работы.

В 2022-2023 учебном году объем госзаказа составил 88 214 мест, из них 42 303 гранта распределены на технические специальности. При этом с нового учебного года стипендия для бакалавриата будет увеличена на 20% (с 31 423 тенге до 36 660 тенге, для студентов педагогического направления – до 58 800 тенге), магистратуры и докторантуры – на 15% (с 76 950 тенге до 86 987 тенге и со 172 500 тенге до 195 000 тенге соответственно), что коснется порядка 161 тыс. обучающихся.

О готовности новых регионов к учебному году доложили акимы Абайской области Нурлан Уранхаев, Жетысуской — Бейбит Исабаев и Улытауской — Берик Абдигалиев.

Премьер-Министр отметил, что к 1 сентября в стране планируется открыть 81 новую школу и еще 213 полностью отремонтировать. В то же время имеется риск незавершения ремонта в школах Западно-Казахстанской, Туркестанской, Алматинской областей и города Алматы.

Глава Правительства заострил внимание на том, что не все объек-

ты образования соответствуют требованиям безопасности. Поэтому, по его словам, необходимо в кратчайшие сроки принять соответствующие меры, включая интеграцию систем видеонаблюдения школ с центрами оперативного управления полиции.

Премьер-Министр также сообщил, что для обеспечения подвоза детей в текущем году приобретается 515 новых автобусов, а малообеспеченные семьи получают денежные средства (не менее 37 тыс. тенге на ребенка) для самостоятельного приобретения школьной одежды и канцелярских товаров, что затронет более 470 тыс. детей.

Кроме того, для охвата молодежи профтехобразованием в текущем году госзаказ увеличен до 128 тыс. мест, количество грантов для обучения в университетах увеличено до 88 тыс., начат прием в три новых филиала ведущих зарубежных вузов по инженерно-техническим направлениям.

По итогам заседания глава Правительства поручил обеспечить готовность всех объектов образования к началу учебного года на 100 процентов.

Министерству просвещения совместно с Министерством внутренних дел поручено рассмотреть вопрос введения в образовательную программу изучения Правил дорожного движения с привлечением



Акматам регионов необходимо обеспечить 100% охват детей, нуждающихся в помощи, мерами государственной поддержки.

Кроме того, Министерству торговли совместно с палатой «Атамекен» и акиматами дано поручение отрабатывать вопросы стабилизации цен на школьные принадлежности, а Министерству индустрии совместно с НПП «Атамекен» — отработать вопрос по стоимости школьной формы.

Премьер-Министр также поручил обеспечить доставку в школы необходимого количества учебников и принять все меры по обеспечению иногородних студентов вузов и колледжей местами в общежитиях.

ortcom.kz

## Қазақстандық әскери қызметшілер Халықаралық армия орындарындағы жарыстарын сәтті бастады



Қарағанды облысының «Спасек» оқу-жаттығу орталығында армия атқыштары «Тактикалық мерген» байқауының бірінші біліктілік жаттығуын орындады. Одан өзге бірнеше нысана бойынша әр түрлі позициядан ату, қаруды сенімді және қауіпсіз ұстау дағдылары да ескерілді.



Барлық осы критерийлер бойынша «Біліктілік» жаттығуында тоғыз ел арасында қазақстандық әскери қызметшілер үздік нәтиже көрсетті, екінші орында Өзбекстан командасы, үшінші орында – Қытай.

*Суреттерді түсірген:  
Думан Жұмаиұлы  
Приозерск гарнизонының  
баспасөз хатшысы*

## Жемқорлыққа жол жоқ!



Жемқорлық мемлекет пен қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Бұл дерттің жаппай жойылуы жолын халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін

әрекеттерді жасауға жол бермейді. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Патриотизм, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп біліп, жемқорлыққа жол бермейік!

*Приозерск қаласының  
санитариялық-  
эпидемиологиялық  
бақылау басқармасы  
Ахметов Р.Б.*

Өзекті

**Уважаемые жители города Приозерск!**

ОП г.Приозерск уведомляет о том, что в период с 22 по 25 августа 2022 года на территории города Приозерск проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Борышкер».

В связи с этим напоминаем, что вы имеете право оплатить 50 % от суммы штрафа в течении 7 суток с момента составления административного протокола согласно статье 811 КРКобАП. После истечения указанного срока оплата штрафа производится в полном объеме.

Для добровольной оплаты штрафа согласно статье 893 КРКобАП 30 суток со дня вступления постановления о наложении штрафа, предписания о необходимости уплаты штрафа в законную силу.

В случае неуплаты штрафа вышеуказанный срок административный материал направляется для принудительного взыскания частным судебным исполнителям, за работу взысканию штрафа составляет счет от 10 до 25 % от суммы штрафа, который оплачивается правонарушителем

по мимо основной суммы штрафа.

Кроме того, предупреждаем в случае неуплата штрафа в срок добровольной оплаты Вам будет составлен административный протокол по статье 669 КРКобАП — это «Неисполнение приговора суда, решения суда или иного судебного акта и исполнительного документа»

-влечет штраф на физических лиц в размере пяти месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до пяти суток, на должностных лиц, частных нотариусов, частных судебных исполнителей, адвокатов - в размере двадцати месячных расчетных показателей или административный арест на срок до пяти суток, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере тридцати, на субъектов среднего предпринимательства - в размере сорока, на субъектов крупного предпринимательства - в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.

**30-ТАМЫЗ – АТА ЗАҢ КҮНІ**

Елімізде тағы бір маңызды мереке тойланбақ. Ата Заң – бұл заң карпінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Ата заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындады, жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заңды қабылдау кезінде жүргізілген референдум егеменді еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттаған бірден-бір тарихи, әлеуметтік маңызы зор құжатқа айналды. Биыл осы заңға халықтық референдумда үлкен өзгерістер жасадық.

«Конституция» латыншадан аударғанда «құрылыс» деген ұғымды береді. Яғни, өміріміздің, тыныс-тіршілігіміздің, ел-жұрт болып бірігіп мемлекет құруымыздың айғағы. Ата Заң күні – мемлекеттік мереке. Еліміздің Ата заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Қазақстанда Ата заң тұңғыш рет 1924-жылы, одан кейін 1937, 1978, 1993, 1995-жылдары жазбаша түрде қабылданды. Ал қазіргі қолданылып жүрген конституция 1995-жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған. Оған дейін, яғни Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993-жылы 28-қаңтарда өзінің алғашқы Ата заңын қабылдаған болатын. Қазіргі күнгі Ата Заң жобасын дайындау кезінде әлемдік демократияның тәжірибелерін, қазақстандықтардың қалауын жан-жақты сараптауға, қызу және өткір

**ЕЛДІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ – АТА ЗАҢ**

талқылауға назар аударылды. Ата Заң Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялылығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халық басқаруын қамтамасыз етуінен көрінеді. Ата заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екендігін білдіреді.

Кез-келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжаты, әрине ол – Ата Заңы. Аталған құжатта мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Ал, конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Ата Заңымыз біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Ата Заңда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ата Заңда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандықтары. Аталған заңнама осындай ұлан-ғайыр елімізде бірлігіміз жарасып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-тәтті өмір сүруіміздің кепілдігі мен айқын нышаны болып табылады. Ата заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Ата Заң қабылдау арқылы Қазақстан жаңа

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**

2022 жылдың тамыз айының 22 мен 25 күндер аралығында Приозерск қаласының аумағында «Борышкер» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілетінін Приозерск қалалық ПБ хабарлайды.

Осыған байланысты әкімшілік айыппұл салынған күннен бастап ҚР ӘҚБтК-нің 811 бабына сәйкес 7 тәулік ішінде айыппұлдың 50 пайызы мөлшерінде төлеуге мүмкіндік бар екенін жеткізеді. Көрсетілген мерзім аяқталған соң айыппұл толық мөлшерде төленеді.

ҚР ӘҚБтК-нің 893 бабына сәйкес төлеу қажеттігі туралы нұсқама заңды күшіне енген күннен бастап ерікті түрде төлеуге 30 тәулік уақыт беріледі. Алайда айыппұл көрсетілген мерзімде төленбеген жағдайда, әкімшілік материал мәжбүрлеп орындату үшін жеке сот орындаушыларға жіберіледі. Бұл жағдайда айыппұлды өндіріп алу жұмысы үшін құқық бұзушы негізгі сомаға айыппұлдың 10-25 пайызын қосып төлейді.

Сонымен қатар, айыппұлды өз еркімен төлемеген жағдайда ҚР

ӘҚБтК-нің 669 бабы бойынша жауапкершілікке тартылатындарыңыз ескертеді. Яғни, «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау»

- жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде не бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жеке ше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

*Приозерск қаласының  
полиция бөлімі*

дәуірге қадам басты. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ата Заңымызда бекітілгендей, тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары заманымызға сай идеологияға айналды. Мәселен, Ата Заңымыздың 16-бабы әркімнің жеке басының бостандығына құқын жария етті. Яғни, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Ата Заңымыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Осылайша, мемлекетіміздің Ата заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге, адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады.

Ата заңымыздың өміршеңдігі, демократиялық табиғаты туралы қазақстандықтар да, шетел азаматтары да жиі жылы лебіздер айтып, болашағымызға зор сенім білдіріп келеді.

Халықтың еркі көрініс тапқан

бұл құжат өзінің нормалары мен принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркениетті елдердің қатарына жетелейді. Сондықтан қазіргі кезде басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Ата Заңына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Егер біз осы міндетті орындасақ, алдыңғы қатарлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасқаны. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Ата Заңын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Біздің міндет – Ата Заңға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Ата Заңды сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ». Қорытындылай келе, барлық қазақстандықтарымен қоса приозерскілік жерлестерді 30-тамыз – Ата Заң күнімен құттықтай отырып, қалалық «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің және өз атымнан әрбір шаңыраққа шырайлы шаттық, бақ-береке, қазыналы қуаныш, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Әрқашан болашағымыз баянды, келешегіміз кемел әрі еліміз еңселі, жастарымыз көшелі болсын және қаламыз сіз бен біздің қатысуымызбен қарыштап дамып, гүлдене берсін!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ*

## Өзекті

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Жыл сайынғы жаңа оқу жылы таянған сайын оқушылардан бұрын ең алдымен көбірек ойланатын және сәналарын түрлі сауалдар жауалайтын ата-аналар екендігі жасырын емес. Мәселен, «Биыл оқулық жеткілікті бола ма?», «Қазанда туған баламды 1-сыныпқа қабылдай ма?», «Мектеп формасының бағасы қалай болар екен?», «Мектепте кімдерге тамақ беріледі екен?... Бұл жылда оқу басталардағы әр қиялдағы қыр. Көпті мазалайтын сұрақпен қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымоваға хабарласып, жаңа 2022-2023 оқу жылына байындықтық барысы туралы ақпарат беруін өтіндік. Ән-міне дегенше табалдырықтан аттайтын жаңа оқу жылына расымен де дайындық қалай? «Ерте қамдансаң, ештеңеден кеш қалмайсың» деген. Азаңғы шаруаны түске қалдырып, одан нәтиже шықпаған соң кешті күтуден не пайда дерсіз? Абайша айтқанда, «Қолыңды уақытынан кеш сермедінің» кері болмасын де. Уақытында атқарылмаған істің кейін салмағы ауыр боларын екінші бірі біледі. Содан кеп жанымыздың төске түскен шегедей тызылматыны бар. Одан Құдай сақтасын. Мұндай салғырттық пен олқылықты көтере алмайтын сала болса ол – білім. Себебі, басқа мамандық бүгінді бажайлаумен бағытын түзесе, ұстаз қауымы болашақ ұрпақтың білім шырағын жағып, келешектің кемесін алға сүйрейді. Гуля Кеңесқызының бізге берген ақпараты төмендегіше болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына 1-сы-

ныпқа барлығы 213 бала қабылданды. 1-сыныпқа қабылдану үшін құжаттар электронды түрде e.bilimal.kz ақпараттық жүйесі арқылы тапсырылды. Қыркүйектен бастап мектептерде 1-4 сынып оқушылары және аз қамтылған отбасының балалары тегін ыстық тамақпен қамтылады. Балалар мен жасөспірімдерді сабақтан тыс уақытта үйірмелер мен спорттық секциялардың барлық түрлерімен қамту 1215-тен астам оқушыны құрайды, бұл 5-тен 17 жасқа дейінгі балалардың жалпы санының 63,1% - ын құрайды. Балалар бағыттар бойынша үйірмелер мен спорт секцияларына қатысады. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында барлық үйірмелері мен секциялары тегін жүргізіледі. Жалпы білім беретін мектептерде материалдық-техникалық базасын арттыруға жыл сайын жергілікті бюджеттен қаражат бөлінеді. Мектептер физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттерімен жабдықталған. №1 орта мектепке 2021-жылы STEM және физика кабинеті, №2 мектепке биология кабинеті сатып алынды. 2022-жылы №2 мектепке физика кабинеті сатып алу жоспарлануда. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық білім беру ұйымдарында барлығы 205 бейнебақылаулар орнатылды. Ғимараттың сыртқы жағына 155 және ішкі жағына 50 бейнебақылау орналастырылған.

Ағымдағы жылдың 1-қыркүйегіне дейін бейнебақылауларды орталықтандыру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Қала мектептері ауызсу көзі орталықтандырылған сумен және ішкі дәретханалармен қамтылған. Мектеп дәретханалары санитарлық талапқа сәйкес кабиналарға бөлінген, қол жууға арналған орындармен жабдықталған. Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептеріндегі ерекше білім беруді қажет ететін, даму мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтау мақсатында Балқаш қаласындағы №4 психологиялық-педагогикалық-медициналық кеңеспен тығыз байланыста жұмыс жасайды. «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ-нің шақыртуымен жылына 2 рет ПМПК-тің арнайы мамандары балаларды тексереді. Нәтижесі бойынша мамандар өз ұсыныстарын береді. 2022-жылдың сәуір айында 42 бала тексеруден өтті. 1 балаға педагог-ассистенттің қолдауы ұсынылды. Жаңа 2022-2023-оқу жылына педагог-ассистент 2022-жылдың 31-желтоқсанына дейін тағайындалады. Инклюзивті оқыту бойынша іс-шаралар жоспары қолға алынып, мектептің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Қаладағы 2 мектепте де Монтессори кабинеті жұмыс істейді. Монтессори кабинеті қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мектептерде 43 инклюзивті сынып бар. Инклюзивті сыныпта оқитын оқушылар саны – 58, үйден оқи-

тын оқушылар саны – 5. Мектептерде 73 мұғалім «Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру» ортасының мазмұны тақырыбында 80 сағат көлемінде біліктілік арттыру курстардан өтті, қазіргі таңда 112 мұғалім сабақ беруде. «Ерекше білім алуы қажет ететін» оқушылар арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оның ішінде «Психикалық даму тежелуі бар» (ЗПР) 4 оқушы «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» бағдарламасы бойынша, сөйлеу тілінің даму кемшіліктері бар 8 оқушымен «Оқу және тіл дамыту» түзету-дамыту бағдарламасымен жұмыстар жүргізіледі. Арнайы мамандар жоғарыда аталған балалармен жұмыс жүргізеді. Жыл сайын білім беру ұйымдарында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2022-жылы №1 мектептің спортзалына және «Балбөбек» бөбекжайының ойын алаңдарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы алғанда жаңа оқу жылына дайынбыз деген мақсатпен мектептің оқытушылар ұжымы жұмысқа кірісетін болады. Алдағы тоғыз айға созылатын тынымсыз да, қауырт жұмыстарына, яғни өскелең ұрпаққа білім сәулесін сәуіп, санасына сіңдіретін ұстаздар қауымына зор денсаулық, қажымас қайрат, жұмыстарына табыс пен жетістік тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## «2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру» бағдарламасы

Ағымдағы жылдың 28 шілдесі мен 10 тамызында Жастар ресурстық орталығының мамандары Приозерск қаласы тұрғындары арасында «2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру» бағдарламасы бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнамаға 40 адам қатысты.



28 июля и 10 августа текущего года специалистами Молодежного ресурсного центра, по программе «Повышение доходов населения до 2025 года» был проведен опрос среди жителей города Приозерск. В опросе участвовало 40 человек.

Приозерск қаласының  
Жастар ресурстық орталығы

ҚАЛААРАЛЫҚ ҚАТЫНАС  
ЖАНДАНАДЫ

Қарағанды облысы әкімі Жәніс Махмұтұлы Қасымбектың Приозерск қаласында 2022-жылғы тамыз айының 4-жұлдызында қала тұрғындарымен өткізген кездесуінде бұрын көтерілген Балхаш-Приозерск, Приозерск - Балхаш бағытындағы автобус (спринтер) маршрутын қайта қосу туралы өтінішке сәйкес, аптаның дүйсенбі, жұма, сенбі және жексенбі күндері Приозерск қаласынан таңғы сағат 07-00 де, ал Балхаш қаласынан 13-00 де жүретін болады. Маршрут ағымдағы жылдың 8 тамызынан бастап іске қосылады. Аталған мәселені биылғы наурыз айының 4-жұлдызында аймақ әкімі қаламызға арнайы ресми сапармен келіп, қала тұрғындарымен кездесі барысында тұрғындар атынан сауал жолдаған Мухаббат Юнусова көтерген болатын. Әкмінің жаз соңындағы

сапары кезіндегі кездесуде бұл мәселенің шешімі табылғаны мәлім болды және жұртқа жария етілді. Жедел арада шешімін тапқан өзекті мәселе қала тұрғындарын қуантады. Бұл да билік пен халық арасындағы кедергінің жойылып, тығыз қарым-қатынас жасаудың және биліктің халыққа құлақ аса бастағанының арқасында жүзеге асқан игі шара деуге толық негіз болмақ. Приозерск және Балхаш қалалары аралығындағы жолаушылар қызметін «Приозерск жолаушылар тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқаратын болады. Жол ақысының құны - 800 теңге болып белгіленген. ЖШС-тің барлық сауалдар бойынша қызметтік байланыс телефондары -8 (747) 066 95 45, 8(701)259 22 51, 8(747)348 95 25, 8(777)248 9525.

Н.ӨТЕП

## Наследственное дело

После смерти Бектасова Куттимурата Искандаровича 04.08.1961 года рождения, умершего 10 июня 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся на следникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел.87751627005  
Частный нотариус г. Приозерск  
Ахметов Р.Б.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №7/7, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.